**Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстарға**

АНЫҚТАМА

2022-2023 оқу жылы, қыркүйек, қазан, қараша айларында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әр жыл сайын айлық іс-шара жоспары жасалынып бекітіледі. Жоспар бойынша ай сайын және айлық жоспар бойынша түрлі әдістер мен іс-шаралар өткізіледі. Олар: дөңгелек үстел, пікірталас, тәрбие сағаттары, құқық бұзушылық қызметкерлерімен кездесулер өткізіліп отырады. Осы жоспар бойынша тек құқық бұзушылық қана емес, сонымен қатар патриоттық, адамгершілік, талғамдық тәрбиеге қатысты жұмыстар атқарылуда.

2022 оқу жылының қыркүйек, қазан, қараша айында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Қыркүйек айының 1-і күні ауылдық учаскелік инспектор А.Б.Баймуханов «Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы», «Әкімшілік құқықбұзушылық заңнамасының талаптарын түсіндіру» тақырыбында 7-11 сынып оқушыларына дәріс оқыды.

Сонымен қатар қазан айында оқушыларды құқықтық ақпараттандыру және алаяқтардан сақ болу тақырыбында ауылдық учаскелік инспектор А.Баймуханов оқушылармен және мектеп ұстаздарымен кездесу өткізді .

Сынып жетекшілер оқушылардың жолда жүру ережесін сақтау тақырыбында тәрбие сағаттары өткізіліп отыр.

2022-2023 оқу жылында аудандық есепке тіркелген оқушы жоқ. Наркодиспансердің есебінде ешқандай оқушы тіркелген жоқ .Мектепішілік бақылауға қазан айының 6-сы мен 12-сы күндерінен бастап үш ай мерзімге 3 оқушы алынды . Олар 7 «Ә» сыныбынан бір оқушы, 7 «А» сыныбынан екі оқушы . Бұл оқушылар мектеп ережесін сақтамай, мектепте тәртіп бұзушылық жасағандары үшін тіркеуге алынды.. Тәртібі қиын оқушылардың құқықбұзушылығын алдын алу бойынша мектепішілік комиссиясының жоспарлы және жоспарсыз отырыстарында 2 іс қарастырылып хаттама толтырылып, мектепішілік тізімге алынды.

Бұл тіркеудегі оқушыға қазіргі уақытта оқушының есепке алу парағы, оқушының жеке парағы, оқушыны есепке алу хаттамасы, оқушының тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, сол оқушымен (әр қайсысымен) атқарылатын жұмыс жоспары, мектеп психологімен, тәлімгерімен, сынып жетекшісімен, ата-анасымен сұхбаттасу жоспары, психологтің жүргізген жұмысының қорытындысы (әр оқушыға) сияқты жеке бақылау қағаздары толтырылды. Қазан, қараша айларында мектеп психологі мектепішілк есептегі оқушылармен агрессия деңгейінің көрсеткішін анықтау мақсатында «Басса Дарки» сауалнамасын өткізді. Сонымен бірге қазан айында «Темперамент типі» сауалнамасы, «Агрессияны жеңу жолдары» атты кеңес беру жұмыстары жалпы сынып бойынша жүргізілді. Гудьман әдістемесі бойынша оқушының бойындағы жасөспірімнің жақсы жақтары мен қиындықтары анықтау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Сонымен бірге әр апта сайын оқушымен жеке сұхбаттасу жұмысы да жүргізіліп отырады. Құқықбұзушылықтың 10 күндігіне орай құрылған жоспар бойынша 7 класс оқушыларымен «Өмірді бағала» атты тренинг өткізілді. Жалпы мектеп психологтары мен әлеуметтік педагог, сынып жетекшілермен бірге ата-анасымен хабарласып, оқушымен жеке жұмыстар ұйымдастырып отырылды сағаттарын өткізді.

Мектеп бойынша «Тәуекел» тобында денсаулығына байланысты 6 оқушы және өгей әкемен тұратын 2 оқушы бар . «Тәуекел » тобындағы денсаулығына байланысты тұрған оқушылармен және оларға сабақ беретін пән мұғалімдерне мектеп медбикесі түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Әр ай сайын мектепішілік тәуекел тобында тұрған оқушылардың үйлерін аралау рейді жүргізіледі. Оған сынып жетекшілер мен мектеп әкімшілігі қатысады.

Оқушылардың бос уақытын өткізуін бақылау мақсатында оқушылардың кешкі 23:00 ден бастап ата- анасыз көшеде жүрулерін анықтау рейді сынып жетекші тарапынан және бекітілген адамдардың бақылауымен жүргізілді.

Оқушылардың сабақты себепсіз босатуын болдырмау мақсатында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

- әр сынып жетекші әр күнгі және апта бойғы оқушылардың сабақты босатуы жайлы есеп берді;
- сабақ босатқан оқушылардың себебі анықталды (анықтама қағазының
- куәлігі бойынша);
- ата-анасымен әр күні байланыс жасалды;
- қажетінше тиісті шаралар қолданылды;

2022 жылдың 3 айы бойынша біршама жұмыстар атқарылды, әрі қарайда жоспар бойынша жұмыстар жалғасын тауып, құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізіле береді.

ДТІЖО: С.С.Керимова
Г.Т.Убайшанова

***«Сарыжар ЖОББМ» КММ 2022-2023 оқу жылындағы «Мектепке жол» Республикалық акциясының өту барысы жайында ақпарат***

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің бастамасымен дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан **«Мектепке жол»** Республикалық акциясы аз қамтылған,көпбалалы,ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық уақытында қолдау көрсету және әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалудың алдын алу мақсатында өткізілуде. 2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол» Республикалық акциясы дәстүрлі түрде өтіп жатыр. Биыл оқу жылында кәсіпкерлерге соның ішінде «Аманат-агро» к/х, ауылымыздың теплицасы, ТОО «Kraft Aziia Oil» заправка, ауылымыздағы дүкендерге хат жолданды.

Мектебіміздің ата-аналар комитеті төрайымы Омарова Гүлшат апайдың шоты қайырымдылық шоты болып белгіленді. Берілген көмек суммасы сол шотқа аударылды. Соның ішінде «Аманат-агро» жеке шаруа шаруашылығы 2 тоннадай қарбыз беріп, мектебіміздің ауласында жәрмеңке ұйымдастырылды, жәрмеңкенің негізгі мақсаты «Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында қарбызды қолжетімді бағада сату және түскен қаржыны әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға жұмысау болатын. Жәрмеңке екі күнге созылды. Жәрмеңкеден 100.000 теңге түсті «Ботакөз» дүкені 5000 теңге көлемінде қаржылай көмек берді.

Сонымен қатар өздеріңізге белгілі мектеп мұғалімдеріде жылда ат салысады. Мектеп чатына,инстаграм желісіне салынды. Ат салысқан мұғалімдерге соның ішінде Изтлеуова Асыл Жайлхановна –1000, Қазбек Салтанат Рүстемқызы- 1000 тг көлемінде ақшалай көмек көрсетті. Жиналған суммаға- теңгеге 36 оқушыға оқу құралдары алынды.Бұл оқушылар ішінде алқалы отырыс шешімімен қабылданған оқушылар,сынып жетекшісі тарапынан ұсыныс жасаған оқушылар яғни бұл оқушылар қаржылай көмекке іліге алған жоқ, сондықтан «Мектепке жол» акциясынан түскен қаржыға оқу құрал таратуды жөн көрдік. Оның ішінде бастауыш класс оқушы саны 24, жоғары класс оқушы саны – 12.

Сонымен қатар ауылымыздың кәсіпкерлері мектебіміздегі 7 оқушыға 66610 теңге көлемінде әр балаға бір заттан алып берген болатын. Оқушылар керекті затын өздері ұнатып алды. Оқушылармен бірге мектеп әлеуметтік педагогы мен мектебіміздің ардагер ұстазы Тәрбие апайымыз еріп барған болатын. Демеушілік көрсеткен ауылымыздың кәсіпкерлері:

Медетов.Ж, Фисенко.А, Тажмуханов.М, Макимов.Б, Кенжебеков.Е, "КХ Әділ", "КХ Бәйтерек", "КХ Amanat-agro", Газ заправка иесі

Ақтөбе қаласындағы «Хиджама орталығы» ұжымы және пациенттері қайырымдылыққа ақша жинап, әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсетіп жатырғандарын ватсап желісі арқылы көрген болатынмын,

мектебімізге жаңадан келген, әлеуметтік қолдауды қажет ететін, қаржылай көмекке іліне алмаған 2 кластағы 1 оқушымыздың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, ата-анасының өтінішімен демеушілерге таныстырып, оқушыға 18000 теңгеге мектеп формасын, 6000 теңгеге ер балаға арналған аяқ киім алып берді.

*«Сарыжар ЖОББМ» КММ-да «Жаппай білім беру қорынан»* мектебімізде 71оқушы қаржылай көмекке ілігіп, оқушы басына 37389 тг ата-анасының шотына аударылды.Бұл оқушылар аз қамтылған, ККДТ, жетім және ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балалар, АӘК алатын отбасынан шыққан оқушыларымыз ілікті. Ата-аналар өтініш жазып, міндеттемеге қол қойып құжатарын жинақтады. Міндеттемеде ата-анаға ескертілген болатын, яғни түскен қаражат баланың мектепке керекті жарақтарына жұмысалсын, алынған затқа дәйектеме ретінде түбіртек тапсырылсын деген үлгіде. Қаражат түскен күнен бастап 15 жұмыс күн ішінде түбіртек тапсырылсын. Аудандық білім бөліміне былтырғы оқу жылында ыстық тамаққа іліккен бала саны 58 болса, биыл ауданға 102 балаға өтініш түсіп отыр.АӘК алатын отбасы оқушылар саны- 5, ККДТ отбасы оқушылар саны-65, жетім бала саны- 1, Алқалы отырыс шешімімен қабылданған оқушылар саны- 31.

Ауданымызға шілде айында АӘК алатын отбасындағы бірінші сыныпқа баратын бір оқушымыз демеушілік көрсететін тізімге іліккен болатын, ол оқушыға мектепке арналған сөмке беретіндігін хабарлады.Ауданға жеткізілген уақытта міндетті түрде оқушыға берілетін болады. АӘК алатын 5 оқушымыз 30000 теңге көлемінде оқу- құрал беретін тізімге жіберілді, ауданнан хабар күтудеміз.

Ақпарат беруші: А.А.Қамзанова

**Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебінің**

**2022-2023 оқу жылы бойынша мектепішілік бақылау анықтамасы**

**Күні: 02.09.2022 жыл**

**Қатысқандар:** мектеп директоры, оқу ісі жөніндегі орынбасар, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

**Бақылау нысаны:** 1-11 сынып жетекшілері

**Мақсаты:**

Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарының талапқа сай, бағыттардың толық қамтылғанын, дұрыс жоспарлануын қадағалау;

**Бақылау жүргізуші: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар**

Қыркүйек айының 02 - 06 аралығында сынып жетекшілердің тәрбие жоспарларының талапқа сай, дұрыс құрылуына бақылау жасалынды.

Бақылау барысында: сынып жетекшілер 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жоспарын Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2019 жылдың 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен және Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылдың 19 тамыздағы № 252 бұйрығымен бекітілген, Тәрбие тұжырымдамалық негіздері және Әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып, тәрбие жұмысының жоспары 8 бағыт бойынша құрылған . Аталған бағыттар бойынша әртүрлі формада тәрбие сағаттары алынғандығы анықталды. Тәрбие сағаттарында биылғы жылғы атаулы күндер мен мерекелер қосылған. Тәрбие сағаттары талапқа сай алынған. Барлық 8 бағыттар қарастырылған.

**Анықтама беруші:** **С.С.Керимова**

**Г.Т.Убайшанова**

## Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылы бойынша

## кітапханасы туралы ақпарат

Кітапхананың негізгі міндеттері: оқушылар мен оқырмандарды оқулықпен қамтамасыз ету. Кітапхананың негізгі жұмыс бағыты : -оқу және тәрбиелік процестерін барлық формалармен, әдіс-тәсілдермен кітапханалық, ақпараттық библиографиялық қызмет көрсету; - әр оқырманның оқу жүйесін қалыптастыру сондай-ақ кітапханаға тарту шараларын ұйымдастыру.

Қазіргі таңда мектеп кітапханада жалпы кітап қоры **13 262**. Оның ішіндегі оқулық саны - **11 590**.Жаңа оқу жылына кітап қорындағы барлық оқулықтар таратылып оқушылар оқулықтармен толықтай қамтамасыз етілді. Осы оқу жылында кітап қоры жаңартылған мазмұнды 1,2,4,5,7,10 сыныпқа арналған оқулықтарымен қамтылды.Сондай-ақ «Оқуға құштар» мектеп жобасы бойынша мектебіміздің кітапханасы жаңа оқу жылында «Мазмұндама» , «Мектеп кітапханасы» «Express Publishing» баспаларынан шыққан көркем әдебиеттермен толықты.

Кітапханада жалпы мектеп оқушыларына оқулықпен қатар электронды әдістемелік құралдармен білім алуға мүмкіндік жасалған. Әр пәндік оқулық бойынша электронды түрде дискеттермен білім ала алады. Сондай-ақ білім беретін оқытушы мен пән мұғалімдерге көмекші құрал ретінде әдістемеліктермен қамтамасыз етілген.

**Кітапхана меңгерушісі:** **Ш.Т.Малайдарова**